

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы N 101 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 22, 224-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Коммуналдық қызметтер саласындағы қатынастарды жетілдіру" деген 3-кіші

б ө л і м д е :

5-бағандағы реттік нөмірі 3.1-жолдағы "2007 жылғы III тоқсан" деген сөздер "2008 жылғы 1-тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*